Ақтөбе облысы
Байғанин ауданының
ӘКІМДІГІ

«Байғанин аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

АКИМАТ
Байганинского района
Актюбинской области

Государственное учреждение
«Байганинский районный отдел архитектуры, градостроительства и строительства»

030300, Ақтөбеоблысы, Байғанин ауданы,
Қарауылкелдіселосы, Д.Қонаев көшесі № 35А
Тел/Факс: 8/71345/ 79-0-48 (ішкі 1010)
baiganin_kurylys@aktobe.gov.kz

030300, Актюбинская область, Байганинский район,
село Караулкельды, ул.Д.Конаева, № 35А
Тел/Факс: 8/71345/ 79-0-48 (вн1010)
baiganin_kurylys@aktobe.gov.kz

Қарауылкелді ауылы №01 – 07/128 15.07.2026 жыл

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылындағы білім беру нысандары ғимараттарының жөндеу жұмыстары бойынша

ҚОРЫТЫНДЫ

Аудан орталығы Қарауылкелді ауылындағы үстіміздегі жылдың 09 шілдедегі орын алған жаңбырлы дауылға байланысты Байғанин ауданы әкімінің 2026 жылғы 09 шілдедегі №3 шешімімен жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жарияланған болатын. Аудандағы бірқатар білім беру нысандары да табиғи құбылыстан шатырлары ұшып, бүлініп, зақымдалып, бұзылғаны айқындалған болатын. Нақты айтсақ:

1.№3 Қарауылкелді орта мектебі ғимараттың шатырының 385 м² бөлігі қатты желдің салдарынан ұшқан. Осы себептен мектептің ішіне жаңбыр суы ағып, төбеге қағылған 126 м² гипсокартон бүлініп, жарамсыз болған. Мектептің коридорының 60 м² шатыры да бүлініп жарамсыз болған. Мектепті қаптаған сайдингтің 45 м² майысып, бүлінген.

2. №2 Қарауылкелді орта мектебі ғимараттың шатырының 650 м² бөлігі қатты желдің салдарынан ұшқан, 418 м² жердің шатыры көтеріліп кеткен. Осы себептен мектептің ішіне жаңбыр суы ағып, төбеге қапталған 36 м² «Армстронг» қаптамасы жарамсыз болған. Мектептің ішкі жарларына су аққан.

3. Қ.Мұханбетқали атындағы орта мектеп-гимназиясының 2850 м² шатыры қатты желмен көтеріліп, ұшып жарамсыз болған. Жаңбыр суы ішке аққандықтан мектептің спорт залының ішкі жарлары , төбесі, кабинеттердің ішкі жарлары, төбелері бүлінген. Шамамен 700 м² құрайды. Мектептің тұрған жері ойпаңдау болғандықтан қатты жауыннан жиналған су іргеге құылып, салдарынан мектептің іргесі отмосткалармен бірге отырып кеткен. Іргеге құйылған 257 кума метр отмостка жарамсыз болған. Сонымен қатар қатты ылғалдан мектептің айналасының топырағы отырып 3 жерде аумағы 5,0х2,5 мектепке көтерілетін

баспалдақтар (лестница) жарамсызданған. Қатты желден спорт залының жалпы көлемі 18м² терезелер сынып бүлінген. Мектеп алдындағы алаңға жасалған күнқалқаның (навес) поликарбонат жабындары сынып, жарамсыз болған.

Қ.Мұханбетқали атындағы орта мектеп-гимназиясы интернатының 1300 м² шатыры қатты желмен көтеріліп, ұшып жарамсыз болған. Жаңбыр суы ішке аққандықтан интернаттың ішкі жарлары, төбелері бүлінген. 1210 м² төбенің ішкі әрлеуі сумен ағып, бүлінген. Су іргеге құылып, салдарынан интернаттың да іргесі отмосткалармен бірге отырып кеткен. Іргеге құйылған 210 қума метр отмостка жарамсыз болған.

4. «Шұғыла» бөбекжай-балабақшасының қазандығының 40 м² шатыры қатты желден ұшып, толық жарамсыз болып қалған. Балабақша ғимаратының 180 м² шатыры қатты желден ұшып жарамсыз болған. Шатырдың қалған бөлігі де әр жерден көтеріліп кеткен. Шатыр желмен ұшқанда кірпіштен қаланған 6 вентилляциялық шахталар құлап, қираған. Іргеге су жиналып, салдарынан жертөлеге (подвал) су кірген. Төбеден аққан судан төбе мен ішкі жарладың әрлеуі бүлінген.

5. «Рауан» бөбекжай-балабақшасының қазандығының 28 м² шатыры қатты желден ұшып, толық жарамсыз болып қалған. Қазандықтың шатыры желмен ұшқанда қазандықтың ø300 мм. 2 дана мұржасына соғылып, мұржалар жартылай сынып жарамсыз болған. Балабақша ғимаратының 470 м² шатыры қатты желден ұшып жарамсыз болған. Шатырдың қалған бөлігі де әр жерден көтеріліп кеткен. Төбеден аққан судан ішкі жарлары, төбелері шамамен 60 м² жердің ішкі әрлеуі бүлінген.

6. «Шаттық» бөбекжай-балабақшасының сыртын қаптаған металл сайдинг қатты желден ұшып, бүлінген. Жарамсыз болған сайдинг қаптаманың жалпы ауданы шамамен 200 м² құрайды. Ғимараттың іргесіне құйылған отмосткалары сумен шайылып,сынып кеткен.

Жоғарыда аталған нысандар ғимараттарының қатты дауылды жел мен жауыннан зардап шегуіне байланысты білім беру нысандарының ғимараттары қайта қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет етеді.

Бөлім басшысы: **Н.Қ.Жұбанышев**